



«ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ. ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА»

ТАҚЫРЫБЫ АЯСЫНДА

## 2021 ЖЫЛҒЫ ҚАРАША АЙЫНДА

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ ШЕҢБЕРІНДЕ  
МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**Мазмұны:**

1. Іс-шараларды өткізудің тұжырымдамалық негіздері
2. Негізгі күндер мен оқиғалардың уақыт кестесі
3. Өңірлерде ақпараттық науқанды ұйымдастыруға ұсынымдар
4. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған арнайы жобалар
5. Өлеуметтік желілерде және интернет-кеңістікте жарияланымдарды ресімдеу бойынша ұсынымдар

## Іс-шараларды өткізудің тұжырымдамалық негіздері

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылды – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы жылы деп жариялады. Осы орайда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы - бұл біздің жетістіктерімізді ой елегінен өткізудің, болашаққа міндеттерді айқындаудың мүмкіндігі. Барлық іс-шаралар мен жобаларды басты идеяның «Жасампаздыққа толы жылдар» белгісімен өткізу қажет. Бұл ретте «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – бұл Жасампаздыққа толы жылдар» деген негізгі хабарды пайдалану қажет.

Іс – шаралар мен жобалардың басты мақсаты – Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойының маңыздылығын және Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен дамуындағы рөлін ұғыну арқылы қазақстандықтардың патриоттық сезімін күшейту.

Қазақстан тарихының 30 жылын ел дамуының мүмкін боларлықтай тұтастай бір нәтижесіне қол жеткізілген өзіндік бір биік меже деуге болады. Сондықтан да 30 жылдық мерейтойға дайындық жасау мен атап өтудің лайықты іс-шаралары жасалуы тиіс. Іс-шаралар мен медиажобалардың мазмұндық негізін түйінді оқиғалар, фактілер, адамдар, цифрлар құрауы тиіс.

Жыл ішінде әр айға негізгі тақырыптық желі анықталды. Тақырыптық желі – бұл нақты тақырыптар немесе жетістіктерге қол жеткізілген салалар. **Қараша айының тақырыбы «Индустриялық-инновациялық даму. Цифрлық экономика».**

Ақпараттық-идеологиялық жұмысты барлық негізгі салалар бойынша үш негізгі элементке: өткенге, бүгінге және болашаққа баса назар аударып отырып жүргізу қажет. Әрбір тақырыптық желі бойынша жетістіктерді аша отырып, мынадай қағидаттарды басшылыққа алу қажет: не болды, неден кетті; бүгінгі күні не нәрсеге қол жеткізді; болашаққа нақты жоспарлар қандай.

Осылай құрылған жұмыс, бір жағынан, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік кезеңінде іске асырылған мемлекеттік құрылыстың қисынын, ниетін түсінуге ықпал ететін болады. Екінші жағынан, Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлау тек болған жайттарды талдау ғана емес, өткен жолды ескере отырып, болашақтың бейнесін модельдеу болып табылады.

Қараша айында Қазақстанның индустриялық даму инновацияларын құру саласындағы жетістіктерін кеңінен ашып көрсету қажет. Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы әзірленді, ол республикадағы технологиялардың қарқынды өсуінің және қызметтер көрсетудің электрондық форматына қайта бағдарлануының негізі болуға тиіс. Қазақстан технологиялық әріптестік, күн орталықтарын салу және орналастыру, деректер транзитін дамыту, цифрлық қызметтердің жаһандық нарығына қатысу, цифрлық қаржы құралдарын пайдалану үшін ашық юрисдикция ретінде брендке айналуы тиіс. Еліміздің цифрлық технологиялар саласындағы, оның ішінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының Назарбаев Университетімен бірлесіп, ең жаңа цифрлық

технологияларды дамыту платформасы ретіндегі жетістіктерін жарыққа шығарудың маңызы зор.

Ақпараттық материалдарды дайындауда Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың мынадай дәйексөздерін пайдалану ұсынылады:

*«2050 жылға қарай Қазақстан өзінің өндірістік активтерін ең жаңа технологиялық стандарттарға сәйкес толықтай жаңартуы тиіс. Бәсекеге ең қабілетті салаларда біз отандық өндірушілер үшін жаңа нарықтық тауашалар қалыптастыру стратегиясын белсенді әзірлеуге тиіспіз»* (Елбасы Н. Назарбаев айтқан "Қазақстан – 2050" Стратегиясынан).

*«2020 жылдың қорытындысы бойынша, индустрияландыру жүзеге асырылып жатқан 10 жыл ішінде тұңғыш рет өңдеу өнеркәсібінің экономиканы дамытуға қосқан үлесі тау-кен өндірісі саласынан асып түсті. Орта мерзімдегі мақсатымыз – 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге көбейтіп, 24 миллиард долларға жеткізу. Ал, еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыру»* (ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан).

*«Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті, Индустрия 4.0 элементтерін енгізу айрықша маңызды. Біз шетелдегі стратегиялық серіктестерімізбен белсенді жұмыс істеуге тиіспіз. Сонымен бірге, отандық IT-секторды дамытып, күшейте түсу де маңызды. Елімізге жас, білімді әрі ынталы мамандар керек. Цифрландыру жөніндегі ұлттық жобаның аясында кемінде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлау қажет»* (ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан).

*«Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады. Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс. Осы міндетті орындау үшін кадрлық әлеуетімізді күшейтуіміз керек. Премьер-Министр маған өз ұсыныстарын берсін»* (ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан).

## Негізгі күндер мен оқиғалардың уақыт кестесі

**Қараша айының** ақпараттық желісін келесі месседждерді пайдалана отырып құру қажет:

*Ұлттық валюта күні – 15 қараша:*

- Ұлттық валюта Теңге тәуелсіздіктің экономикалық негізі, егемендіктің нышандарының бірі болып табылады. Тәуелсіздіктің мерейлі жылында Қазақстанның ұлттық валютасына 28 жыл толады.
- Жеке ақша бірлігін енгізу тәуелсіз экономикалық және ақша-несие саясатын жүргізуге мүмкіндік берді. Ақша-несие саясатының негізгі мақсаты ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығына қол жеткізу болып табылады.
- Бұл күні қазақстандық қаржыгерлер кәсіби мерекелерін атап өтеді.

*Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күні - 21 қараша (қарашаның үшінші жексенбісі):*

- Бұл ауыл шаруашылығында және тамақ өнеркәсібінде жұмыс істейтін еңбек адамдарының мерекесі. Бұл жұмысшылар еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ең маңызды үлес қосады.
- Агроөнеркәсіптік кешен – Қазақстан экономикасының ең серпінді салаларының бірі. Аграрлық өндірісті дамыту ауылдық аумақтарды дамытуды ынталандырады.

Қараша айында ақпараттық материалдарды дайындау кезінде тарихи оқиғаларды шектеусіз пайдалану ұсынылады:

**2021 жылдың 1 қарашасында** қазақ ағартушысы, жазушы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толады.

**1999 жылы 2 қарашада** Семей университетіне Шәкәрім Құдайбердиевтің есімі берілді.

**2005 жылы 2 қарашада** KAZENERGY қауымдастығы құрылды.

**2011 жылдың 2 қарашасында** «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ құрастыру алаңынан 100-ші қазақстандық локомотив шығарылды.

**1994 жылы 3 қарашада** Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының және академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мұражай-үйінің ашылу салтанаты өтті.

**5 қарашада** Қазақстанда Сыртқы барлау күні атап өтіледі.

**1993 жылы 5 қарашада** «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды.

**2018 жылдың 6 қарашасында** Astana Hub халықаралық IT-стартаптар технопаркі ресми түрде жұмысын бастады.

**8 қараша** – Қазақстанда Статистика күні.

**1997 жылы 8 қарашада** Алматыда Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мен Президент штандартының Ақмола қаласына салтанатты тапсырылуы өтті.

**11 қараша** – Халықаралық энергия үнемдеу күні.

**1993 жылы 12 қарашада** Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» N 1399 Жарлығы шықты.

**2012 жылдың 13 қарашасында** Жамбыл облысы Шу ауданының аумағында «Тараз» химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы құрылды.

**15 қараша** – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге күні

**2005 жылғы 16 қарашада** Ақмола облысының Ақкөл қаласында ғарыш аппараттарын басқарудың бірінші жерүсті кешенінің тұсаукесері өтті.

**19 қарашада** Қазақстанда Зымыран әскерлері мен артиллерия күні атап өтіледі

**19 қараша** – Халықаралық әйелдер кәсіпкерлігі күні

**2018 жылғы 21 қарашада** Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарияланды.

**21 қараша** - Қазақстанда ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күні (қарашаның үшінші жексенбісі)

**2011 жылдың 22 қарашасында** Қарағандыда қала орталығындағы алаңда жаңа Тәуелсіздік монументі бой көтерді.

**2016 жылғы 23 қарашада** Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы барысында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясы қабылданды.

**23 қарашада** Қазақстанда Жол полициясы қызметкерлері күні атап өтіледі

**2019 жылдың 29 қарашасында** Қазақстанда алғаш рет энергия үнемдеу саласын дамытуға қосқан үлесі үшін марапат – «Энергетика саласының қосқан үлесі үшін» төсбелгісі тағайындалды.

**2011 жылы 30 қарашада** Алматы қаласы 2017 жылғы 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиаданың астанасы болып ресми түрде жарияланды.

## **Өңірлерде ақпараттық науқанды ұйымдастыруға ұсынымдар**

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы жылында ақпараттық жұмыстың басты бағыты – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жаңа форматтағы қазақстандық мемлекеттіліктің негізін қалаушы ретіндегі тарихи үлесін жан-жақты насихаттау.

Ағымдағы жылдың соңына дейін Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу бойынша ақпараттық белсенділікті үш кезеңде жоспарлау қажет:

**I толқын:** маусымның аяғы-шілде айының басы (6 шілде-Астана күні);

**II толқын:** тамыздың аяғы-қыркүйектің басы (30 тамыз-Конституция күні);

**III толқын:** қарашаның аяғы-желтоқсанның ортасы (16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні).

**Қараша айында желтоқсанның ортасында медиалық белсенділіктің ең жоғары шыңына қол жеткізе отырып, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы тақырыбын ақпараттық сүйемелдеуді күшейту қажет.**

ҚР Тәуелсіздігінің мерейтойы шеңберінде өңірде өткізілетін әрбір зәкірлік іс-шара **30 жыл ішінде өңірде осы саланы дамыту** бойынша тиісті ақпаратпен ақпараттық сүйемелденуі тиіс. Осыған байланысты, өңірлік БАҚ пен әлеуметтік желілерде пайдалану үшін барлық салаларды дамыту бойынша сапалы салыстырмалы талдау әзірлеу қажет.

Күрделі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, іс-шаралардың онлайн өтуіне байланысты өңірлердің 30 жылдық кезеңдегі жетістіктерін **заманауи интерактивті медиа форматтарды** - бейнероликтер, инфографикалар, постерлерді және т.б. пайдалана отырып, ілгерілету қажет, бұл өңірлердегі ауқымды іс-шараларды ақпараттық материалдармен қамтамыз етуге және өңірлердегі нақты саладағы Тәуелсіздік жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Аталған месседждерді ілгерілетуге белгілі қоғам қайраткерлерін, блогерлерді, белсенді жастарды татру қажет.

Барлық ақпараттық материалдар Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығының логотипімен сүйемелденуі тиіс (ТВ-дағы тақырыптық бейнесабақтар, баспа БАҚ-тағы жолақтар, ақпарат тақталары) *Тәуелсіздіктің 30 жылдығының логотипі мерекелік іс-шаралардың фотосуреттеріне орналастырылуы тиіс.*

### **Әлеуметтік желілер**

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орайластырылған өңірлік мерекелік іс-шаралар, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси салалардағы жетістіктері туралы материалдар әлеуметтік желілерде (танымал жергілікті пабликтер, қоғамдық пікір көшбасшыларының, блогерлердің және т. б. жеке парақшалары) орналастырылуы тиіс.

Барлық ақпараттық материалдарды, әлеуметтік желілердегі посттарды #Qazaqstan30 бірыңғай хэштегімен жариялау және @qazaqstan30jyl (Instagram) жобалық кеңсесінің аккаунтын атап өту қажет.

Интернет-аудиторияны тарту үшін, Жобалық кеңсе Facebook-тегі профиль жақтауының шаблондарын жасады. Аймақтағы интернет - аудитория арасында осы құрылымдарды қолдануды насихаттау қажет.

№1 нұсқа



№2 нұсқа



№3 нұсқа





## Өңірлік іс-шаралар өткізу форматы

### I формат

**Жаңа индустриялық-инновациялық нысандарды іске қосу және ашу** қараша айында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге орайластырылған негізгі іс-шаралар ретінде белгіленген.

Өңірлік және республикалық БАҚ-тарды шақыра отырып, осы іс-шаралардың кең ақпараттық қамтылуын қамтамасыз ету, әлеуметтік желілерде ақпаратты #Qazaqstan30 бірыңғай хэштегімен орналастыру маңызды.

Сонымен қатар, жаңа нысандарды іске қосу туралы ақпараттық хабарламалар тәуелсіздіктің өткен 30 жылы ішінде өңірдің түрлі салалардағы индустриялық-инновациялық дамуы туралы мазмұнды талдаумен сүйемелденуі тиіс. Талдау деректері форматтарда ұсынылуы тиіс:

- инфографика - баспа БАҚ және сайттарға;
- бейнеқосылғылар - аймақтық ТВ;
- постерлер - әлеуметтік желілерге арналған.

Материалдарды дайындаудағы басты бағыт - өңірде жаңа жұмыс орындарын ашу, өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыру, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, өндірістегі цифрлық инновациялар.

Объектілерді іске қосу және ашу өңірлердің өз кестесі бойынша жүзеге асырылады. Егер бірнеше объект болса, бір ай ішінде біркелкі ақпараттық жарықтандыру үшін тарату ұсынылады.

*Егер өңірде қараша айында жаңа индустриялық нысандарды ашу жоспарланбаған болса, жарықтандырудың келесі форматы ұсынылады:*

### II формат

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы жетістіктерінің тақырыбын жария етудің қосымша форматы ретінде БАҚ-та өңірдің цифрлық дамуы туралы ақпараттық материалдар сериясын ұйымдастыру ұсынылады.

Ақпараттық материалдарда түрлі салалардағы (өндірістегі, әлеуметтік қызметтер көрсету кезіндегі цифрлық шешімдер, e-learning пен телемедицинаны дамыту, Интернетке жаппай қол жеткізу, жолды реттеу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т.б.) **өңірдің цифрлық трансформациясының табысты, нақты кейстерін** көрсету маңызды.

Барлық ақпараттық материалдарды, әлеуметтік желілердегі посттарды #Qazaqstan30 бірыңғай хэштегімен жариялау керек.

## **ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған арнайы жобалар**

Қараша айында өңірлер жобалық кеңсенің медиа жобаларына қатысуды **барынша жандандыруы** қажет:

### **ҚР жаңа тарихы бойынша Онлайн-тест**

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығында біздің еліміз осы үш онжылдықта өткен барлық кезеңдерді еске алу маңызды. Осы мақсаттар үшін 30jyl.kz сайтында Қазақстанның жаңа тарихына арналған онлайн-тест іске қосылды. Квизде КСРО ыдырағаннан кейін Республиканың даму кезеңінен бастап оның қазіргі кезеңіне дейінгі мәселелер жинақталған.

Тесттен өту қорытындысы бойынша әрбір қатысушы өзінің онлайн-сертификатын алады. Барлық қатысушылардың нәтижелері дұрыс жауаптар саны мен жұмсалған уақыт негізінде қалыптасатын жалпы рейтингке енгізіледі. Жыл соңында ең нәтижелі қатысушылар естелік сыйлықтарға ие болады.

Бұл жобаға жастар ұйымдарының мүшелерін, орта білім беретін оқу орындарының оқушыларын, блогерлерді және т. б. тарту қажет.

### ***«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы» челленджі***

Бұл челлендж Тәуелсіздікке қазақстандықтардың жеке әңгімелері, сезімдері мен естеліктері арқылы қарауға арналған. Ел тұрғындары тәуелсіз мемлекетте өмір сүру олар үшін нені білдіретіні туралы өз пікірлерімен бөлісуге шақырылады. Қазақстандықтар қазіргі егеменді дәуірдің арқасында мүмкін болған өздерінің жетістіктері туралы Жеке тарихтарын айта алады. Қазақстандықтар өздерінің жеке жетістіктері мен жеңістерімен бөлісе алады, сондай-ақ өз елі үшін патриотизм мен мақтаныш сезімін сезінген сәттерді еске түсіре алады.

Қатысушылар өз әңгімесін ұзақтығы 1 минуттан аспайтын бейнежазба форматында әлеуметтік желілердегі жеке аккаунтында **#Qazaqstan30 және #MeninQazaqstanym хэштегтерімен** жариялауы және **@qazaqstan30jyl** парақшасын белгілеуі қажет. Сондай-ақ, бейнежазбаны АҚДМ жобалық кеңсесінің **info@30jyl.kz** электрондық мекенжайына жіберуге болады. Ең жарқын оқиғалар республикалық телеарналардың эфирінде көрсетіледі және БАҚ-та жарияланады. Жобаның барысы <https://30jyl.kz/qazaqstanym/> қадағаланады.

Өңірлер осы жобаға қолдау көрсетіп, әр аптаның қорытындысы бойынша жобалық кеңсеге «Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы» челленджінің жаңа қатысушыларының тізімін жіберу керек.

### ***«Тәуелсіздік Күнделігі» жобасы***

Әр аптаның қорытындысы бойынша жобалық кеңсе Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу бойынша негізгі іс-шаралар кіретін «Тәуелсіздік күнделігі» бейнеролигін шығарады. Бұл бейнематериал «Хабар», «Қазақстан», «АстанаТВ»,

«Алматы» телеарналарында және кабельдік операторлардың бағдарламааралық скринсейверлерінде көрсетіледі.

Апта сайынғы бейнедайджестке қосу үшін өңірлер іс-шаралар туралы материалдарды (бейне, фотосуреттер, баспасөз релизі) тұрақты негізде жіберуі қажет.

Жобаға ену үшін іс-шаралар келесі талаптарға сәйкес келуі керек:

- іс-шаралар Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу аясында және әр айдың таңдалған тақырыбы аясында өткізілуі тиіс;
- көрнекі құрамдас бөлікке байланысты таңдау кезінде офлайн өткізілген іс-шараларға артықшылық беріледі;
- іс-шараны БАҚ-та жариялау, сондай-ақ сапалы фото және бейнематериалдар ұсыну.

Сондай-ақ өңірлер апта сайын әлеуметтік желілерде бейнедайжестті таратуға қолдау көрсетуі қажет.

### **30jyl.kz интернет навигаторы:**

30jyl.kz сайты ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу шеңберінде өткізілетін іс-шаралар туралы ақпарат жинақтайды. Апта сайынғы негізде сайтта алдағы іс-шаралар туралы анонстар және оларды өткізу бойынша жаңалықтар жарияланады.

*30jyl.kz сайтындағы материалдар республикалық БАҚ жариялау үшін пайдаланылады.*

Ақпаратты орналастыру үшін аймақтарға күн сайын [info@30jyl.kz](mailto:info@30jyl.kz) мекен-жайына қазақ және орыс тілдеріндегі баспасөз релиздерін, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында өткізілетін іс-шаралар туралы фотосуреттер мен бейнематериалдарды жіберу қажет (күн іс-шара).

**Әлеуметтік желілерде және интернет-кеңістікте жарияланымдарды  
ресімдеу бойынша ұсынымдар**

PDF файлдары мен PSD-дегі бастапқы деректерді келесі сілтеме арқылы қол  
жетімді <https://30jyl.kz/ru/about/>